

Исатай ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 183 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қыркүйекте № 3606 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 26.09.2017 № 174 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Исатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Исатай ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өтеғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Сұлтанбеков

Исатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5
қыркүйектегі № 183 қаулысымен
бекітілген

Исатай ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы

	Мектепке дейінгі мекемелерде жан басына шағып	
--	--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде тәрбиеленушілердің саны		қаржыландырудың мөлшері айына (теңге)	Мектепке дейінгі білім мекемелерінде ата-ананың ақы төлеу мөлшері айына (теңге)			
Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Балабақша	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)		Айына бір баланың тамағына шығын теңге (көп емес)	
			Бөбек жай	Бақша	Бөбек жай	Бақша
295	820	25 000	300	350	6000	7000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК